

"PayDA" бонустық бағдарламасы" науқанын өткізу талаптары

1. Негізгі ережелер

1.1. Осы Талаптар жеке тұлғалар - "Еуразиялық банк" АҚ Төлем карталарын ұстаушылар үшін "PayDA" бонустық бағдарламасы" науқанының тәртібі мен мерзімдерін айқындайды.

1.2. Науқанды "Еуразиялық банк" АҚ (бұдан әрі — Банк) өткізеді.

1.3. "PayDA" бонустық бағдарламасы" науқанын өткізу кезеңі - 2023 жылғы "01" шілдеден бастап, егер Банктің Уәкілетті органы Бонустық бағдарламаның қолданылуын тоқтату туралы шешімі қабылданса, жыл сайынғы автоматты түрде ұзартумен келесі күнтізбелік жылға дейін.

1.4. Біржолғы Науқандарды қолданысқа енгізу, тоқтату және осы Бонустық бағдарламаның/Науқанның талаптарына өзгерістер енгізу туралы шешімді тиісті өкілеттіктер шеңберінде карточкалық және төлем бизнесіне жетекшілік ететін цифрлық банк блогының басқарушы директорының деңгейінен төмен емес басшы қабылдайды.

1.5. Осы Талаптарда пайдаланылатын жалпы түсініктер:

Науқан— Банктің Төлем карталарын пайдалана отырып сатып алулар жасағаны немесе банк өнімдерін/қызметтерін пайдалана отырып белгілі бір операцияларды жүргізгені үшін Бонустық шотқа Бонустарды есептеу және оларға есептеу арқылы Қатысушылардың адалдығын сақтауға бағытталған бонустық бағдарлама шеңберінде Банк жүргізетін біржолғы науқан/белсенділік. Науқан шеңберінде Қатысушылар Банк белгілеген Науқан талаптарын орындау кезінде қосымша Бонустар алады. Науқанға қатысуға ниет білдірген Қатысушылар Науқанның уақыт шеңбері мен қосымша талаптарының болуы мүмкін екендігін ескеруі керек.

Бонус — Қатысушыға Бонустық бағдарлама/Науқан талаптарын сәйкес келетін Операциялар жасаған кезде Банктің меншікті қаражаты есебінен Қатысушыға берілетін шартты бірлік. Бонустар Қатысушының арнайы Бонустық шотында жиналады.

Банктің Төлем картасымен пайдаланумен жұмсау операциялары үшін 1 Бонус (BNS) 1 теңгеге (KZT) тең.

Бонустық шот – Бонустарды есептеуді/қолдануды (жұмсауды) есепке алу үшін арналған Қатысушының (негізгі картаның ұстаушысы) Банкпен ашылатын арнайы шоты.

Бонустық бағдарлама– бұл Бонустық бағдарламаның/Науқанның осы Талаптарына сәйкес келетін операцияларды жасағаны үшін Бонустарды есептеуге негізделген Банктің төлем карталарын ұстаушылардың - клиенттерді ынталандыру және көтермелеу жүйесі.

Интернет-банкинг / Smartbank — Қатысушының банктік шоттарына қашықтықтан қол жеткізуге арналған банктік жүйе (<https://my.smartbank.kz>).

Сүйікті санат – Қатысушыға Интернет-банкингке / Smartbank-қа қосылуға мүмкіндік беретін Бонустық шот опциясы, Банктің белгілі бір МСС тізімі бойынша ұлғайтылған Бонустар алу мүмкіндігі. Сүйікті санат бойынша ұлғайтылған Бонустардың мөлшері осы Талаптың №1 қосымшасында көрсетілген.

Операция – Қатысушының белсенділігі, оның ішінде Банк ресурстарындағы шығыс операциялары, депозиттерде ақшаны сақтау, Retail-операциялар, Банктің Төлем карталарын пайдалана отырып, ағымдағы шоттардағы қаражатты сақтау және Бонустық бағдарламаның/Науқанның талаптарына сәйкес келетін өзге де операциялар, оның нәтижелері бойынша Банк бонустарды есептеуді жүргізеді.

Серіктес — Бонустық бағдарлама/Науқан аясында Банкпен ынтымақтастық туралы шарт жасаған, Қатысушыға Серіктестің сауда-сервистік кәсіпорындарында артықшылықтарды (тауарларға/қызметтерге жеңілдіктер, бонустардың ұлғайтылған мөлшері және т.б.) алуға мүмкіндік беретін ұйым.

Төлем картасы— Банктің ішкі нормативтік құжаттарының талаптарына сәйкес өтініштің және өзге де құжаттардың негізінде Қатысушыға Банк ашатын Банк шығаратын

төлем картасы, Visa/MasterCard төлем жүйесі. Төлем картасын Банк электронды түрде (цифрлық карта) және/немесе пластикалық/металл карта түрінде шығара алады.

Науқан Талаптары— басталуы Банктің Қатысушының Бонустық шотына осы Талаптардың №1 қосымшасымен және Уәкілетті тұлғаның шешімінде айқындалған мөлшерде және тәртіппен Бонустарды есептеу міндеттемесіне әкеп соғатын оқиғалар.

Уәкілетті тұлға— біржолғы Науқандарды қолданысқа енгізу, тоқтату және осы Бонустық бағдарлама/Науқан талаптарына өзгерістер енгізу туралы шешім қабылдауға өкілеттігі бар Цифрлық банк блогының Карточкалық және төлем бизнесіне жетекшілік ететін Басқарушы директор деңгейінен төмен емес басшы.

Уәкілетті орган — Науқанды/Бонустық бағдарламаны іске қосу және тоқтату туралы шешімді қабылдауға уәкілдік берілген Банктің алқалы органы.

Қатысушы * — жеке тұлға, Қазақстан Республикасының резиденті/резиденті емес, атап айтқанда, осы Бонустық бағдарламаның/Науқанның талаптарына сәйкес келетін операцияны жүзеге асырған Банк шығарған Visa/MasterCard төлем картасының ұстаушысы.

E-com — Банктің Төлем картасын пайдаланумен интернет желісінде жасалған тауарлар мен қызметтер ақысын төлеу бойынша шығыс операция. Бұл белгі операцияның қалған төлсипаттарымен бірге халықаралық төлем жүйесімен беріледі.

MCC (Merchant Category Code) — сауда-сервистік кәсіпорындарды олардың қызметінің түрі бойынша жіктеу үшін сауда орны түрінің коды. Бұл кодты сауда-сервистік кәсіпорынға Эквайер-банк береді.

POS-терминал — Төлем карталарын төлеуге қабылдау үшін қажетті электронды құрылғы.

Retail операциясы— сауда-сервистік кәсіпорындардың POS-терминалдарында және интернет желісінде (E-com) Банктің Төлем карталарын пайдалана отырып, тауарлар мен қызметтерге ақы төлеу жөніндегі шығыс операциясы.

2. Жалпы талаптар

2.1. Бонустық бағдарламаның мәні:

2.1.1. Қатысушыға Бонустарды есептеу және оларды Бонустық шотқа аудару.

2.1.2. Қатысушының Бонустарды пайдалануы (жұмсауы).

2.2. Бонустық бағдарламаға жасалған күні Бонустық бағдарламаның, Науқанның қолданылу кезеңіне келетін және Бонустық бағдарламаның/Науқанның осы талаптарына сәйкес келетін әрбір Операция қатысады.

2.3. Бонустық бағдарламаға / Науқанға қатысатын есептелетін Бонустардың саны және Операциялар түрлері осы Талаптардың №1, 2 қосымшаларымен немесе уәкілетті тұлғаның шешімімен айқындалады.

3. Қатысу тәртібі

3.1. Бонустық бағдарламаның/Науқанның Қатысушысы атану үшін келесі әрекеттерді жасау қажет:

3.1.1. Төлем картасын пайдаланумен Банкте ағымдағы шотты ашу немесе Науқанды өткізу сәтінде Банкте Төлем картасы пайдаланылатын ағымдағы шотының бар болуы.

3.1.2. Науқанды өткізу кезеңінде осы Бонустық бағдарламаның/Науқаняның талаптарына сәйкес операция жасау. Барлық жеке тұлғалар, атап айтқанда, Бонустық бағдарламаның/Науқанның осы талаптарына сәйкес келетін Банктің төлем карталарын ұстаушылар автоматты түрде Бонустық бағдарламаның/Науқанның Қатысушылары болады. Бонустық бағдарламаға/Науқанға Қатысушылар Бонустық бағдарламаға/Науқанға қатысуға өздерінің келісімін және Бонустық бағдарламаның/Науқанның осы талаптарын ұстануға келісімін береді.

3.2. Банк Қатысушыға (негізгі карта ұстаушыға) Бонустық шотты автоматты түрде ашады.

3.3. Бонустық шот бойынша қалдықты және қозғалысты (кірісті/шығысты) қарау Қатысушыға (негізгі карта ұстаушысына) Интернет-банкингте/Smartbank-та қолжетімді.

3.4. Ұлғайтылған бонустарды алу үшін Қатысушыға (негізгі карта ұстаушысына) Интернет-банкингте/Smartbank-та «Сүйікті санаттар» тарауында Бонустық шоттың қажетті опциясын қосу қажет.

4. Бонустарды есептеу тәртібі

4.1. Есептелетін бонустардың сомасын Банк Бонустық бағдарламаның /Науқанның осы Талаптарына сәйкес келетін Операцияларды өңдеу фактісі бойынша есептейді және "Ойын-сауық" санаты бойынша Банк есептеген Бонустар үшін күнтізбелік 15 (он бес) күн ішінде және барлық басқа санаттар үшін 3 (үш) жұмыс күні ішінде Бонустық шотта көрсетуге қолжетімді болады.

4.2. Бонустардың сомасы бүтін санның жүздік үлестеріне дейін аз жағына қарай ықшамдалады, сосын осы сома Қатысушыға есептеледі.

4.3. Операция болмаған (қайтарылған) жағдайда Бонустық шоттағы қалдықтың мөлшері қайтарылған Операцияның Бонустарының сомасына азайтылады.

4.4. Банк өз қалауы бойынша Бонустық бағдарламаның/Науқанның осы талаптарынан тыс бонустық шотқа қосымша бонустарды аударуға құқылы. Қосымша есептелген Бонустардың мақсаты Интернет-банкингтегі/Smartbank-ғы Бонустық шот бойынша үзінді-көшірмеде көрсетіледі.

4.5. Қосымша карталар бойынша Бонустарды есептеу Төлем картасының негізгі ұстаушының Бонустық шотына жүзеге асырылады.

4.6. Қатысушы тиісті нұсқаудың күшін жойған немесе оның орындалуын тоқтата тұрған жағдайларда, сондай-ақ келесі Операцияларды жүргізген кезде Бонустар есептелмейді:

- қолма-қол ақшаны алу (оның ішінде банкомат арқылы немесе қолма-қол ақшаны беру орны арқылы);
- - Төлем картасын пайдалана отырып ағымдағы шотқа ақша аудару;
- бұрын Retail операциясы бойынша есептен шығарылған ақшаның Төлем картасын пайдалана отырып, ағымдағы шотқа қайтару;
- жол чектерін, сондай-ақ ақшаның аналогтарын (криптовалюта, электрондық валюта және т. б.) сатып алу;
- шетел валютасын сатып алу және шетел валютасын сатып алумен байланысты комиссияларды төлеу;
- ұтыс тігулер мен бәс тігулерге, лотерея билеттеріне, жүлделер немесе өзге де көтермелеулер ұтыс ойындарына қатысу құқықтарына төлеу;
- ақша аударымы;
- - тиісті шарт бойынша Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктері алдындағы берешегін төлеу;
- Қатысушының шоттарына қойылған шектеулер/тыйым салулар болған кезде; Уәкілетті органдарды, екінші деңгейдегі банктерді, сот орындаушыларын қоса алғанда, бірақ олармен шектелмей, қолданыстағы заңнама негізінде салынған;
- - B2B бизнес қызметтері мен сервистерге төлеу;
- электронды әмияндарды толықтыру;
- телефон арқылы сатуды қоса алғанда, телекоммуникациялық жабдықты сатып алу;
- жарнамалық қызметтерге төлеу;
- ломбардтарда төлеу;
- сот орындаушыларының қызметтеріне және/немесе сот қызметтеріне/баждарына төлеу.
- мемлекеттік қызметтерге төлеу.

Бонустар есептелмейтін сауда және сервис коды мен кәсіпорындарының MCC тізбесі осы Шарттарға №2 қосымшада көрсетілген.

5. Бонустарды пайдалану тәртібі

5.1. Есептелген Бонустарды келесі жолдармен пайдалануға болады:

5.1.1. Осы Талаптардың 5.4-т. көрсетілген операцияларды қоспағанда, кез келген Retail-операцияны жүргізу (алдымен Интернет-банкингте / Smartbank Бонустардың жұмсалудың белсендіруі қажет);

5.1.2. Төлемдерді Интернет-банкингте / Smartbank-та жүргізу .

5.2. Банктің бұрын әрекет еткен Науқандары бойынша есептелген бонустар ағымдағы Науқанның шеңберінде де пайдаланылуға (жұмсалудың) қолжетімді.

5.3. Бонустардың қолданылу мерзімі – 12 ай. Бонустық шоттағы пайдаланылмаған Бонустар олардың Бонустық шотқа есептелген күнінен бастап 12 айдан кейін күйіп кетеді.

5.4. Қатысушы (негізгі шот ұстаушы) Банкте оның атына ашылған Төлем карталарын пайдалана отырып, барлық ағымдағы шоттарды жапқан жағдайда Банк қатысушының бонустарын жояды.

5.5. Қатысушы тиісті нұсқаудың күшін жойған немесе оның орындалуын тоқтата тұрған жағдайларда, сондай-ақ келесі Операцияларды жүргізген кезде Бонустарды қолдануға жол берілмейді:

– қолма-қол ақшаны алу (оның ішінде банкомат арқылы немесе қолма-қол ақшаны беру орны арқылы);

– бұрын Retail операциясы бойынша есептен шығарылған ақшаның Төлем картасын пайдалана отырып, ағымдағы шотқа қайтару;

– жол чектерін, сондай-ақ ақшаның аналогтарын (криптовалюта, электрондық валюта және т. б.) сатып алу;

– шетел валютасын сатып алу және шетел валютасын сатып алумен байланысты комиссияларды төлеу;

– ұтыс тігулер мен бәс тігулерге, лотерея билеттеріне, жүлделер немесе өзге де көтермелеулер ұтыс ойындарына қатысу құқықтарына төлеу;

– ақша аударымы;

– тиісті шарт бойынша ҚР екінші деңгейдегі банктері алдындағы берешегін төлеу;

– Қатысушының (негізгі карта ұстаушының) шоттарына қойылған шектеулер / тыйым салулар болған кезде. Уәкілетті органдарды, екінші деңгейдегі банктерді, сот орындаушыларын қоса алғанда, бірақ олармен шектелмей, қолданыстағы заңнама негізінде салынған;

– B2B бизнес қызметтері мен сервистерге төлеу;

– электронды әмияндарды толықтыру;

– телефон арқылы сатуды қоса алғанда, телекоммуникациялық жабдықты сатып алу;

– жарнамалық қызметтерге төлеу;

– ломбардтарда төлеу;

– сот орындаушыларының қызметтеріне және/немесе сот қызметтеріне/баждарына төлеу.

– мемлекеттік қызметтерге төлеу.

6. Бонустық бағдарламаның басқа да талаптары

6.1. Қатысушының Бонустық бағдарламаның және Науқанның әрекет ету кезеңі ішінде Бонустарды есептеуге байланысты кез келген наразылығы бойынша Банктің Бонустық бағдарламаның / Науқанның талаптарын бұзғаны үшін Қатысушының алдындағы жауапкершілігі Қатысушымен таласты Операция бойынша Бонустардың тиісті сомасын есептеумен шектеледі. Банк даулы Операция бойынша тергеу аяқталғанға дейін Қатысушыға тиісті Бонустарды есептеуден/пайдаланудан (Бонустарды бұғаттаудан) бас тартуға құқылы.

6.2. Банк Бонустық бағдарламаның осы талаптарына, оның ішінде Талаптарды жаңа редакцияда бекіту жолымен біржақты тәртіппен өзгерістер мен толықтырулар енгізуге құқылы.

6.3. Бұл ретте Банк осы Талаптардың өзектендірілген электрондық нұсқасын мынадай тәсілдердің бірімен орналастыру арқылы бұл туралы Қатысушыларды хабардар етеді:

- Банктің ресми сайтында (www.eubank.kz);
- SMS-хабарлаудың көмегімен.

Қатысушыларды хабардар ету Уәкілетті тұлға/Уәкілетті орган тиісті шешім қабылдаған күннен бастап күнтізбелік 7 (жеті) күннен кешіктірілмейтін мерзімде жүзеге асырылады.

6.4. Бонустық бағдарламаға / Науқанға қосыла отырып, Қатысушы Бонустық бағдарлама/Науқан талаптарына Банк енгізген өзгерістер мен толықтыруларды өз бетінше қадағалауға келісім береді. Қатысушының Бонустық бағдарлама/Науқан талаптарын қанағаттандыратын Операцияларды жасауы Бонустық бағдарлама/Науқан талаптарының өзгерістер/толықтырулар/жаңа редакциясы күшіне енгеннен кейін Қатысушының Бонустық бағдарламаның/Науқанның жаңа талаптарымен келісімін растау болып табылады.

6.5. Банк кез келген себеппен, оның ішінде егер Қатысушы осы Бонустық бағдарлама/Науқан талаптарын сақтамаса және/немесе оларды теріс пайдаланса, Қатысушының Бонустық шотынан Бонустарды осы Бонустық бағдарлама/Науқан талаптарынан тыс, сондай-ақ бұғатталған Қатысушылардың Бонустық шоттарынан акцептісіз тәртіппен есептен шығаруға құқылы.

6.6. Банк Қатысушының Бонустық бағдарламаға/Науқанға қатысуын кез келген себеппен, оның ішінде егер Қатысушы Бонустық бағдарламаның/Науқанның осы талаптарын сақтамаса және/немесе оларды теріс пайдаланса, мынадай жағдайларда алдын ала ескертусіз, бірақ осы жағдайлармен шектелмей, біржақты тәртіппен алып тастауға, тоқтата тұруға, шектеуге, сондай-ақ тоқтатуға құқылы:

– Банкте кәсіпкерлік қызметті, оның ішінде туристік қызметті жүргізу мақсатында Қатысушы Науқанды пайдаланды деп есептеуге негіз болған жағдайда;

– Қатысушы Қазақстан Республикасының заңнамасын және/немесе Банктің www.eubank.kz сайтында орналастырылған "Еуразиялық банк" АҚ банктік және өзге де қызметтерді көрсетудің стандартты шарттары шеңберінде Қатысушы қабылдаған міндеттемелерді бұзған жағдайда (Қосылу шарты), оның ішінде қосылу шарты бойынша мерзімі өткен берешек болған жағдайда;

– - Банктің қалауы бойынша басқа жағдайларда.

6.7. Банк Қатысушыға Бонустар есептелген Операцияның жасалғанын растайтын чектерді / өзге де құжаттарды ұсыну туралы сұрау салуға құқылы. Қатысушы Банкке көрсетілген құжаттарды ұсынбаған жағдайда, Банк Қатысушыға тиісті Операция үшін Бонустар есептеуден бас тартуға құқылы.

6.8. Банк халықаралық төлем жүйелерінен деректерді табыстаудың және Операцияның басқа белгілерінің (мысалы: МСС коды, электронды коммерция белгісі және т.б.) дұрыстылығы үшін жауапкершілікте болмайды және Бонустарды алынған ақпаратқа сәйкес ешқандай өзгеріссіз есептейді.

6.9. Бонустарды есептеу бойынша оқиғалар қатысатын барлық есептеу ережелері үшін (мысалы, депозитте ақшаны сақтағаны үшін Бонус және т.б.) Банк алаяқтық әрекеттерді және Бонустық бағдарламаны/Науқанды теріс пайдалануды болдырмау мақсатында оқиғаны Банк өңдегеннен кейін ғана Бонустарды есептейді.

6.10. Банктің Қатысушыларды алдын ала хабарламастан Сүйікті санаттарын біржақты тәртіппен қосуға/алып тастауға, Сүйікті санаттарда/Науқандарда Бонустарды есептеу мөлшерін және/немесе талаптарын өзгертуге, Бонустық бағдарлама /Науқан Талаптарына сауда және сервис пункттерін, МСС кодтарды қосуға/алып тастауға құқығы бар.

**Барлық мәмілелер (жинақтаушы шотты ашу, қарыз шартын жасау, Төлем картасын шығару) Банктің ішкі нормативтік құжаттармен қарастырылған "Еуразиялық банк АҚ банктік және өзге қызметтерді ұсынудың Стандартты талаптарында жасалады (Банктің бөлімшелерінің қажетті қорытындыларын алу, Банкпен айрықша қатынас бойынша қатыстылығына, табыстарды жылыстатуға және терроризмді қаржыландыруға қарсы әрекет бойынша талаптардың сақталуына тексеру, Қазақстан*

Республикасының заңнамалық актілері және басқа нормативтік құжаттары аясында жүргізілетін басқа тексерулер).

*** Бонустық бағдарламаның /Науқанның талаптарын теріс пайдалану – Қатысушының (Банктің пікірі бойынша) Науқанның Талаптарын бұзатын әрекеттері, Науқанның Талаптарын және оның шарттарын сақтамау, алаяқтық әрекеттерін жасау, Науқанның аясында берілетін қайсыбір артықшылықтарды/ынталандыруды теріс пайдалану, Банктің Серіктестеріне жаңылыстыратын ақпаратты немесе қате деректерді ұсыну.*

Егер Банкте ақшамен және (немесе) Қатысушының басқа мүлкімен операциялар қылмыстық жолмен және (немесе) терроризмді қаржыландыру арқылы (немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қылмыстық жолмен және (немесе) терроризмді қаржыландыру арқылы алынған табыстарды заңдастыруға (жылыстатуға) қарсы әрекет ретінде жіктелген басқа әрекеттер арқылы) алынған табыстарды заңдастыруға (жылыстатуға) қатысы бар екеніне негіз бар болса, Банк қызметкерлерінің бұдан әрі қарай әрекеттері Банктің ішкі нормативтік құжаттарының және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

Бұған қосымша осы Талаптар аясында келесі әрекеттерді Банк Бонустық бағдарламаның /Науқанның Талаптарын теріс пайдалану ретінде қабылдайды:

- Қатысушының Төлем картасынан корпоративтік қажеттіліктерге тауарларды және/немесе қызметтерді күнделікті, мерзімді сатып алу;*
- Супермаркеттерде, электроника дүкендерінде және басқа да сауда орындарында тауарларды көтерме, күнделікті, мерзімді сатып алу;*
- Ұлғайтылған Бонустар алу мақсатында Retail операциялары ретінде жасатылған Қатысушының Төлем карталары бойынша аударым операцияларын орындау;*
- Қатысушының Төлем картасын пайдалана отырып, ағымдағы шоттағы ақша қалдығы үшін Бонустарды есептеу бойынша шектеулерді айналып өту үшін өз атына көптеген Төлем карталарын ашуы;*
- Қатысушының Төлем карталарын пайдалана отырып, өз қажеттіліктері үшін емес, оның ішінде шетелдік интернет-сайттарда көтерме, жаппай, күнделікті, мерзімді сатып алу;*
- Қатысушының Төлем карталарын ойын интернет сайттарында, виртуалды интернет казиноларда, букмекерлік кеңселерде, криптовалютасын сататын интернет платформаларда, QIWI, PayPal, Web Money виртуалды әмияндарын және олардың аналогтарын толықтыра отырып, күнделікті, мерзімді сатып алу;*
- Телефон баланстарын толықтыру.*